

DEXP

Пайдаланушы нұсқаулығы

Кофе үгіткіш DEXP CG-0100S



Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға арнап қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты


Кофе үгіткіш кофе дәндерін одан әрі қайнату үшін ұнтақтауға арналған.

Сақтық шаралары

- Құрылғы тек тұрмыстық үй жағдайында пайдалануға арналған.
- Құрылғыны электр желісіне қоспас бұрын, оның дұрыс жиналғанына және оның барлық бөліктері мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Сулы қолдарыңызбен электр аашсын немесе қуаттау сымын ұстамаңыз.
- Құрылғыны қуат көзіне жалғамас бұрын, үйдегі электр желісінің кернеуі техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіп алыңыз.
- Қуаттау сымы, ашасы немесе басқа да бөлшектері зақымданған жағдайда құрылғыны пайдалануға болмайды. Кабель немесе ашасы ысып тұрған бетке тимеуін қадағалаңыз.
- Бұл құрылғыны, қауіпсіздігіне жауапты адамдар тарапынан құрылғыны пайдалану мәселелері бойынша бақылау немесе нұсқау беру жағдайларын қоспағанда, ақыл-ойы немесе дене мүмкіндіктері шектеулі адамдардың (балаларды қоса алғанда), сондай-ақ тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдардың пайдалануына арналмаған.
- Құрылғыны балалардың жанында қолданған кезде аса сақ болыңыз, құрылғыны әрдайым балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Кофе үгіткішті тазаламас бұрын оны өшіріп, ашасын розеткадан суырып тастау керек болады.
- Құрылғыны тазалау үшін ешқандай еріткіштерді қолдануға болмайды.
- Кофе үгіткішті кранның астында ағын сүмен жуға болмайды.
- Құрылғы немесе оның құрамдас бөліктерінің ақаулы болса немесе істен шықса, өшіріңіз. Құрылғыны өздігіңізден жөндеуге қатаң тыйым салынады. Бұйымды жөндеу тек түпнұсқалық бөлшектерді ауыстыру үшін
- пайдаланылатын авторизацияланған сервистік орталықтарда жүзеге асырылуы керек.
- Көрінетін зақым анықталған жағдайда құрылғыны пайдаланбаңыз және олар анықталған кезде дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғымен бірге жеткізілетін жиынтықтамаларды ғана қолданыңыз. Кез-келген басқа жиынтықтамаларды пайдалану өмірге және денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін, сондай-ақ тегін кепілдік қызмет көрсету құқығынан айыруы мүмкін.
- Ұзақ уақыт бойы кофе үгіткішті пайдаланбағанда оны желіден ажыратыңыз.
- Қосұлы құрылғыны қараусыз қалдыруға болмайды.
- Құрылғының желдеткіш саңылауларын жаппаңыз және оған сұйықтық тамып кетуіне жол бермеңіз.
- Кофе үгіткіш жұмыс істеп тұрғанда контейнерге кез-келген заттарды салуға немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізуге қатаң тыйым салынады.
- Кофе үгіткішті суға батыруға қатаң тыйым салынады.
- Кофе үгіткішті дән салмай пайдалануға болмайды.
- Құрылғының үстіне ешқандай заттарды қоюға болмайды.
- Кофе үгіткішті бір мәртеде 60 секундтан астам уақыт пайдалануға болмайды.

Құрылғының сұлбасы

1. Ыдысы.
2. Үгітетін пышақ жүздер.
3. Қақпақ сұққысына арналған саңылау
4. Қос./өшір. түймесі
5. Қақпақ.



Кофе үгіткішті пайдалану

1. Ең алғаш пайдаланғанда құрылғыдан оның сыртындағы барлық қаптамалық материалдарын шешіп алыңыз.
2. «Тазалау және күтім жасау» бөлімінде сипатталғандай құрылғыны тазалаңыз.
3. Кофе дәндерін үгітуге арналған ыдысқа салыңыз (ыдыс көлемінен 2/3 аспайтындай етіп салыңыз).
4. Қақпақты моторы бар негізге салыңыз.
5. Қақпақтың сұққысына арналған саңылауға (3) орналастырыңыз.
6. Кофе үгіткішті қуаттау желісіне қосыңыз да үгітуді бастау үшін (4) батырмасын басыңыз. Дәндерді ұнтақтау сапасын ұнтақтау процессі кезінде реттеп алуға болады. Құрылғының жұмысы қаншалықты ұзағырақ болса, соншалықты ұнтағы да майда болады. Сондай-ақ, одан сайын майдалап ұсақтау үшін құрылғыны қайталап қосуға болады.
7. Құрылғының жұмыс циклдарының арасында минуттан кем болмайтындай кідірістер жасап отырыңыз.
8. Үздіксіз жұмысының максималды ұзақтығын құрайтын уақыт 60 секунд.
9. «Тазалау және күтім жасау» бөлімінде келтірілген нұсқауларға сәйкес тәртіппен құрылғыны тазалаңыз.

Ескерту: бұл құрылғы кофе қайнатқыштың кез келген типіне қарай кофені майдалап береді. Френч-пресс үшін ірілеп (10-12 секунд), ал тамшылық үгітуге – орташа-лап (15-18 секунд), эспрессо үшін – ұсақтап (20-25 секунд) үгіткен жөн.

Тазалау және күтім жасау

1. Құрылғыны тазалар алдында оны желіден ажыратыңыз.
2. Құрылғының сыртын құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Кофе үгіткіштің корпусын ешқашан суға немесе басқа бір сұйықтыққа батыруға болмайды.
3. Ұзақ сақталу үшін құрылғыны құрғақ, желдетіліп тұратын бөлмеге қалдырыңыз.
4. Құрылғының ішін тазалау үшін дымқыл жұмсақ шүберекті пайдаланңыз.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: CG-0100S.
- Желінің параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 150 Вт.
- Корпустың материалы: металл, пластик.
- Үгіту жүйесі: айналма пышақ.
- Жүздері: тот баспайтын болат.
- Үгіту дәрежелерінің саны: 1.
- Үгітуге арналған минималды мөлшер: 5 г.
- Үгітуге арналған максималды мөлшер: 50 г.
- Қауіпсіздік: қақпағы ашық қалпында іске қосылуының бұғаттауы.
- Сымының ұзындығы: 110 см.
- Қолданылу аясы: тұрмыстық.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5°C бастап 40°C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цзянмэнь Цзянхай Дистрикт Шэнхуэй Электрик Ко., Лтд.
Дуннин жоғары технологияларды дамытуының жаңа облысы, Вайхай,
Цзянмынь қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С,
Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,
Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1



Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және айырбастау уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club